

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӨОЖ 821.512.122

М.І.Әбдуов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Мағжан жайлы маңызды зерттеу

Мақалада академик Р.С.Кареновтың қазақтың XX ғасырдағы данышпан ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылық қызметі жайлы монографиялық зерттеуіне баға берілген. Қазақ сөз өнерінің көрнекті шеберінің 120 жылдық мерейтойына арналған аталмыш басылымның уақытылы еңбек екендігі айтылған. Монографияда өткен ғасырдағы қайталанбас тұлғаның саяси, қоғамдық және әдеби қызметі жан-жақты сипатталған. Жүргізілген бұл зерттеу халықтың сүйікті ақынының өмірі мен қызметіндегі кейбір ақтандақтардың орнын толтыратындығы көрсетілген.

Кілтті сөздер: зерттеу, әдеби шығармашылық, символизм, ақын, түркішілдік сарын, жырлау, қиын-қыстау, пікір, деректер, көркемдік жаналық, өр бейнелі.

Қазақ әдебиеті XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дамудың, Ренессанстың дәуірін басынан өткеріп, алдыңғы қатарлы әлемдік мәдениетпен йық тірестірді. Қазақ поэзиясының кәусар мөлдір бұлағы адамзаттың әдебиет айдынына Абай болып, Мағжан болып құйылды. Ұлттық әдебиеттің асыл қайнарларынан нәр алған, әлемдік әсем сөздің озық үлгілерінен сусындаған Абай пәлсафалық, ал Мағжан сыршыл, сырлы сөздің қайталанбас шырдарын жасады.

Сондықтан да 120 жылдығына байланысты белгілі қаламгер, профессор Р.С.Кареновтың зерттеуі халқымыздың от жалынды зор таланттарының бірі, аспан құлап, жер сілкінгендей аума-төкпе заманда өмір сүрген, ауыр тағдырды басынан кешкен, ақыры сталиндік репрессия кезінде мерт болған есіл боздақ, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына арналған [1].

Автордың пайымдауынша, Мағжаннан қалған әдеби шығармашылық мұраның көлемі, салалары сақталуына қатысты сөзді нақты айтуға мүмкіндік бар.

Талантты ақынның алғашқы өлеңдері Уфадағы, Омбыдағы қабырға газеттерінде, қолжазба журналдарында, өз кезіндегі мерзімді баспасөз бетінде жарияланып жүріп, көзге түседі, елестеріледі де, жұртшылық назарын аударады. 1912 жылы Қазанда «Шолпан» өлеңдер жинағы шыққанда Мағжан он сегіз-он тоғыздардағы уылжып тұрған қыршын жас болатын. Абай кітабының басылғанына үш-ақ жыл өткенін ескерсек, жас ақынның даңқы қазақ сахарасы аспанында қалай көтерілгенін ұғу қиынға соқпас. Бұдан кейінгі кезеңде дүниеге келген қазақ газет-журналдарының бетінде Мағжан шығармалары 1929 жылы жаламен күйіп, абақтыға түскенге дейін үздіксіз жарияланып тұрды. Негізінен ақын өлеңдері екі-ақ рет жинақталып, топталып оқырман қолына тиді. Қысқасы, монографияда көрсетілгендей, Мағжан Жұмабаевтың қаламгерлік сапары бас-аяғы жиырма жылға жетпей, тым ерте үзілді. Он жылдай өмірі абақтыда, лагерьде, қуғын-сүргінде, азап-қорлықта өтіп, ақыры 1938 жылы ажал оғы құлатты.

Автордың ойынша, қалың оқырман, қазіргі ұрпақ, болашақ буын үшін ақынның отыз жасында Ташкентте жарық көрген кітабының тарихи маңызы зор. Ақын поэзиясы, оның табиғаты, басты ерекшеліктері туралы пікір-байлам, ой тұжырымды профессор Р.С.Каренов осы жинаққа сүйеніп айтқан.

Кітапта көрсетілгендей, Мағжан бала күнінен халық фольклорын, ауыз әдебиетін, елдің дарынды сөзін бойына сіңіріп өсумен қатар, қаршадай күнінен арабша, орысша хат танып, артынан арнаулы оқу орындарын аяқтап, сүйегіне біткен сұңғыла, зерек, қиялшыл қасиеттеріне орай, Шығыс пен

Батыстың поэзиясын терең біліп, көңілге тоқып, жүрекке ұялатып, бойына сіңіру арқасында таза талғам, биік парасат, үздік көркемдік нысаналарға тіпті ерте жеткен. Ақын таланты қыл-қыбыр, жүн-жүрқа, шаң-тозанды дарытпай, шын, мөлдір қасиетін сақтап, табиғат ұста соққан қалпында қалған.

Мағжан ақынның өлең-поэмалары уақыттың уақытша құбылыстарынан биік тұра білуімен, өнердің өз өлшемдерімен ғана өрелесетін өміршендігімен өзгешеленеді. Өлеңнің хас шебері, биік мәдениетті бірегей ақын деп даусыз мойындалатын Мағжан Жұмабаевтың өнер туындатқан тұсы, яғни өткен ғасырдың жиырмасыншы, отызыншы жылдары мәдениетке саясаттың, идеологияның белден баса араласа бастаған кезеңімен сәйкес келді де, поэзияда алдыңғы қатарға ойдың бейнелілігі, сөздің саздылығы, көркемдік кестелердің кемелділігі емес, заманға күйлейтін көңіл, өтімді тақырыпты таба білу, ұйқастыра ұрандау шығып кетті. Ақ қашып, қызыл қуып, қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты топалаңға түскен сол бір сергелден заманда өлеңнің өн бойындағы сұлулықты сақтап қалған Мағжанның халық алдындағы еңбегі ерекше.

Профессор Р.С.Кареновтың қазақтың ұлы ақыны М.Жұмабаевтың музасына арналған зерттеу еңбегінде ерекше назар аударылған мәселе, Мағжан поэзиясындағы көкжал толқын, көгала ағыстың бірі — өмір мен өлім, тіршілік пен ажал шайқасы, екеуінің бетпе-бет келуі. Данте, Гете сарындары, Байрон, Пушкин, Лермонтов әуездері, Блок, Фет, Мережковский ырғақтары түйісіп, тоғысып келіп, қазақ ақынының қайғысына қайғы қосып, жүрегін тербеп, жаңа, соны, бой түршігердей күйлер тудырған. Періште, тәңір, пайғамбар, құдай, көк аспан, жер, ай, жолбарыс, арыстан, толқын, жел, теңіз, өзен, алдаспан, алмас қылыш, тұлпар, жүрек — осы секілді көптеген сөздер, ұғымдар Мағжан поэзиясында үнемі қайталанып келеді. Олардың жинақтаушылық, эстетикалық, образдық, символдық, көркемдік орасан зор мәні бар. Өз ортасынан үзіліп, үздік шығып, арада көп мезгіл өтіп, көп дүние өзгергеннен кейін жаңа қауыммен емірене табысқан өнер иелері әр халықта, әр топырақта, әр ғасырда бар болса, Мағжан поэзиясының бірқыдыру сыры осы арнадан табылса керек.

Автордың ойынша, Мағжанның қазақ поэзиясында ашқан жаңа беттерінен айрықша атауға болатын құбылыс — ақынның Батыс, күллі әлем поэзиясындағы ауыз тұшитын жаңалықтарға ден қоюы. Осыған байланысты символистік ізденістері («От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Мені де, өлім, әлдиле», «Бостандық», «Жаралы жан», «Берниязға», т.т.). Символизм — романтизмнің бір бұтағы болғанда, осы тарапты өлең үлгілері ақын шығармашылығын қазақ поэзиясының бір жемісті ағашы етіп бөлекшелеп тұратынын айту керек. Бұлар — «Жазғы жолда», «Қысқы жолда», «Жиленді кара орман», «Қараңғылық қоюланып келеді» дейтін және тағы басқа өлеңдер.

Монографияда мынадай қорытынды жасалған: Мағжан ақынның махаббат лирикасын дамытудағы еңбегі ерекше. Көз қарашығының нұры болсын, тербелген аққайың болсын, толқыған көл болсын, бүкіл кең ғалам болсын, соның бәрі, айналып келгенде, ақын жүрегіннің бір бөлшегіндей. Бұл ақын қиялының байлығын, түйсік-қабілетінің молдығын, ешкімге ұқсамайтын қалып-кейпін танытса керек. Мағжан поэзиясының қос қанатындай мұңды, сазды, кейде қайғылы, әрі алға тартатын романтикалық әуендері, махаббат лирикасы ақын түйсігінің өзгешелігін, сонылығын дәлелдемек. Не жазса да, ол ең алдымен өз жүрегіне үңіледі. Сол арқылы айналадағы әлемді білуге, өмір шындығын ұғуға ұмтылады.

Автордың пайымдауынша, Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиетінде «поэмалар жазудың желісін қаққан адамның біреуі болған». «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке», «Тоқсанның тобы», т.б. поэмалары — адам тағдыры мен ел тағдырын шебер қиюластырған шығармалар. Бұлардың тақырыптары әр түрлі, көркемдік деңгейлері әркелкі болғанымен, қазақ поэзиясында өзіндік орны бар дүниелер. Мұның ішінде ақынның көркемдігі келіскен терең мағыналы шығармаларының бірі — «Батыр Баян».

Зерттеушінің көрсеткеніндей, бұл шығарма — қазақ тарихының белгілі кезеңіне арналған көркемдік деңгейі жоғары поэма. Осы туындысында «Қолы емес, тілінің кісендеулі» болуынан бұл тіршіліктен безінген ақын, «Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң, Толғанып қарауым сол баяғыға» деп өз сырын ашып береді. Одан әрі ақынның романтикалық биік өресінің қиясына бірге самғап, іштей онымен сырласып кетесіз. Өткен замандағы өз ұлтыңның ұланғайыр даланы қорғаудағы ұмытылмас ерлік күресінің куәсі боласыз. Ұлтының айбары болған Абылайды, махаббат сезімінің құрбандары Ноян мен қалмақ қызын, елін жаудан қорғаған Батыр Баянды танысыз.

Автордың зерттеу барысында дәлелдегені, Мағжанның кесек те күрделі шығармаларына өзек болған алтын арқау — ол ұлт-азатшыл идеядан нәр алған азатшылдық рух. Ұлт рухын асқақтатуды мұрат тұтқан ақынның жоғарыда аталған поэмаларының қай-қайсысында азатшыл сарын көркемдік

оймен тұтас өріледі. Сырттай қарағанда аңыз бен ертегі желісіне құрылған Мағжан туындыларында ақын қиялы өмір шындығымен астасып, соны көркемдік шешім табады.

Академик Әл-Карени (Каренов) өзінің зерттеуінде дұрыс қорытынды жасаған: Мағжанның Кеңестік жүйені керемет үрейлендірген, бірақ та ақындық әлеміндегі басты құндылықтарының бірі — ол, әрине, түркішілдік сарыны.

Мағжан өрлігі сонау VII ғасырда жасаған өр Күлтегіннің даңқты жеңімпаз жырларымен сабақтасады. Ақын көңілі сол Күлтегіндердің салтанат құрған дәуірін аңсайтындай:

*Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түрік халқының ел жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен.
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген.
Ілгері Қадырқан қойнауына дейін.
Кері темір қақпаға дейін жайлаған.
Екі аралықта жүрген иесіз
Көк түріктерді осылай қоныстандырған екен...*

Мағжан аласұрып, жоқтаған түркі жұртының даңқты кезеңдерінен хабар беретін бұл жолдар көпке дейін өз ұрпағына беймәлім болып келгені белгілі.

Ерекше айта кететін жайт, Рашит Әл-Каренидің қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың жары Зылиха Құрманбайқызы жазықсыздан-жазықсыз түрмеге қамалған күйеуінің жоқтаушысы, жанашыры бола білді, кейін әдеби мұрасының шырақшысына айналды деген пікірі. Автордың араға жылдар салып асыл ұлымен қайта қауышқан халқының Зылиха Құрманбайқызына да қарыздар екенін жеткізуге тырысқаны өте жөн сияқты.

Итжеккенге айдалған Мағжанға Зылиха байғұс теңізден өтіп, нелер батпақ, тоң жерді белшесінен кешіп, талай рет барған. Тамақ апарып тұрған. Саясатты, ертеңгі тағдырды көп ойламай, көзжұмбақпен асқан ерлікке, жанын шүберекке түйіп, өзін құрбан етуден тартынбаған. Ештеңеден қорықпаған, жасқанбаған. Жары жолында жанын пида қылған әйелдердің бірі Зылиха апай болған.

Мағжан да Зылихаға ерекше риза болып, оған өлеңнен ескерткіш соғып кетті. Қиын-қыстау кезеңде өзіне кімнің сүйеу болғанын ақын былайша жырлайды [2]:

*Жас өмірімнің көгін бұлттар басқан күн,
Қайғы-қасірет тасып, бастан асқан күн.
Жан-жағымнан жылы жүзді жан таппай,
Жақын жандар қастық уын шашқан күн.*

*Жауыз тағдыр созған қолды қаққан күн,
Жан-тәнімді жылан, шаян шаққан күн.
Жапан түзде қара түнде жалғыз қап,
Қан дария боп көздің жасы аққан күн.*

*Сен көрдің де, келдің тура қасыма,
Сусын беріп, жастық қойдың басыма.
Маңдайымнан сипап, сүйіп, жұбаттың:
«Жаным құрбан, жасыңды тый, жасыма!»*

*Мәңгілікке, міне, қолым беремін,
Тағдыр оғын көтермекке көнемін.
Қайғыланба, атса атар алтын таң,
Жан жолдасым, өлсең, бірге өлемін!» —*

*Дедің де сен күліп, жолым бастадың,
Жауын, дауыл, оттан, судан қаппадың.
Қасиетті, сиқырлы сөз күшімен
Міне, азырақ есім жия бастадым...*

*Алтын сәулем, ақ періштем жан салған,
Кім біледі, айырса егер сұм жалған,
Жүргенімде жер жүзінде тірі боп,
Бағынатын, табынатын сен — Аллам!*

Бұл Мағжанның Зылихаға арнаған көп өлеңдерінің бірі.

Автордың ойынша, Мағжан ақын туралы айтылған көп пікірлердің ішінен екеуіне ерекше ден қойған жөн: оның бірі — М.Әуезовтің оған берген қысқа да болса нұсқа айтқан, ақындық қасиетіне терең бойлаған бағасы; екіншісі — Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» атты көлемді зерттеу мақаласы.

Ең алдымен Абайды данышпан атаған Мұхтар Әуезов: «... Бұдан соң Мағжанды сүйемін, Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін» деп, оған деген сүйіспеншілігін жоғары пафоспен бастайды да, не үшін сүйетіндігін өрнекті кестелі ойларымен былайша түйеді: «Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда бұл бір заманның тегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін».

Сол тар заманда кемеңгер ақын Мағжан жаппай қараланып жатқанда мынадай зор махаббатты пікір білдіру Мұхтар Әуезовтың ұлылығын дәлелдей түседі.

Қазақ әдебиетінде бірінші мағжантанушы атанған Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» атты зерттеу мақаласы терең парасатты пайымдауларға толы: «...Мағжанның түрікшілдігі тыңнан тауып алған нәрсе емес, әуелден-ақ бар болатын, ол «Ғалияда» жүргенде түрікшіл пікірде бірер өлең жазған. Бірақ орысша оқуға кіріскеннен былай, ол пікірін жарыққа шығара қоймайтын... Колчактың кер заманы, одан қала берсе, ұлтшылдықтың аузына қақпақ болған Кеңес заманы Мағжанның баяғы басылып қалған түрікшілдік сезімін қайта оятты. Мағжан енді ұлт жалауын түрік жалауының панасына, түрік қанатының астына қояды. Жеке ұлтшылдықтың өрісі тарылғандығын көріп, түрік тұқымды жұрттармен әдебиет жүзінде өзінше одақ жасаған болады. Бара-бара Мағжанға түрікшілдік те тар ауданды көрінеді: ол күншығыстың — Азияның ақыны болып, Европамен, Батыспен «араздасады». Мағжанның түрікшіл, азияшыл болу себебі, оның өз қиялынан болмаса, оның осылай болайын деген тілегінен деп ұғуға болмайды. Оның терең негізі бар: мәселен, күншығыс халықтарын алсақ, бәрі де Батыстың, Европаның жемі, азығы, атып жейтін аңы болып келе жатыр... Ресейде қол астындағы түрік тұқымдары патша үкіметінің отары болып келеді. Батыстың мәдениетті жұрттары өнерсіз, ғылымсыз Шығыс жұрттарын жеуге ынтасы құрып, мойнын созғалы талай жылдар, ғасырлар өтіп барады. Европадағы талай қанды соғыс, капитал соғысы көбінесе күншығысқа қожа болу үшін шығып келген. Азия — құл, Европа — қожа есебінде үкім істеген. Міне, шығыстың осы халін ақын да білген, ойлаған...».

Жүсіпбек бұдан асырып ол заманда не айта алсын. Қазақ әдебиетінің қайыспас қара нарының мақаласынан Алаштың аяулы екі арысының бір-бірінің қадірін тани білген, қорған болуға дайын кісілік сипат, зор таным болғанын аңғарамыз, — деп тебіренеді зерттеуші-ғалым.

Зерттеу барысында Рашит Саттарұлы келесідей өте орынды қорытынды жасаған:

- Мағжан Жұмабаев ұлтының үлкен жүректі ақыны. Сондықтан да келешекте оның теңіздей терең, маржандай асыл жырларын қадірлей білуіміз керек;
- осыншалықты кемеңгерлікті қанша жылдар бойы саясат шаңына көмуді болашақта жалғастырсақ, ұлы ақынның әруағы бізді кешпейді;
- Мағжан ақын ұлт тарихын, ұлт әдебиетін жасаушылардың бірі ғана емес, бірегейі. Кемеңгер Мағжанды және сол сияқты ұлттың ұлы тұлғаларына кір жұқтыру бұдан былай тарихымызды бұрмалау, қиянат жасау деп ұққанымыз жөн.

Жарық көрген монографияның басты құндылығы, біздің ойымызша, төменде көрсетілген деректерді терең зерттеп дәлелдеуінде:

1. Қазақ лирикасында үлкен көркемдік жаңалық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе, Еуропа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыраққа батыл да еркін ендірген Мағжан эпикалық жанрада поэманың ықшам формаларын қалыптастырды.

2. Мағжан фольклорды игеруде соны жол, жаңа бағыт ашты. Қайта жырлау, нәзира, сарындау емес, түп-түгел тосын, биік, асқақ көркемдік жүйелер жасады.

3. Ең бастысы ақын ықшамдық, сұлулық, философиялық талаптарды, бейнелік, суретгілік шарттарын бірінші қатарға шығарды: «Қойлыбайдың қобызында» фантастикалық күйлер, бәйгеге қобыз қосу көрінісі ғажап шебер бейнеленеді; «Қорқытта» өмір мен өлім арпалысы, мәңгілік үшін күрес, өнердің өлместікке апарар киелі қасиеті жыр етіледі; «Жүсіпханда» тұлға мен тобыр, мансап пен ұждан диалектикасы, «Өтірік ертеkte» мысал, тұспал әдісімен берілген әлеуметтік тартыстар сыры бар; «Оқжетпестің қиясында», «Түркістан» туындылары азаттық идеясын, түркі бірлігін жырлайтын шығармалар.

Қорыта келе айтарымыз, академик Р.С.Кареновтың монографиясы — өте құнды зерттеу. Ол ұлы ақынның 120 жылдығына арналған. Белгілі қаламгер, энциклопедист-ғалым өзінің жаңа туындысында сұңғыла ақынның асқақ рухқа толы, отаншыл, ұлтжанды, жан сезімге бай лирикасын жариялай отырып, ғұлама Мағжанның өр бейнелі аруағына тағзым еткен.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Әл-Карени (Каренов) Р.С.* Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан: Ғылыми-әдеби монография. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. — 235 б.
- 2 *Жұмабаев М.* Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / Құраст.: Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, З.Жұмабаева). — Алматы: Жазушы, 1989. — 109-б.

М.И.Абдуов

Научное исследование о Магжане

В статье дана оценка монографическому исследованию академика Р.С.Каренова, посвященного жизни и творческой деятельности гениального казахского поэта XX столетия Магжана Жумабаева. Отмечена своевременность научного издания, посвященного 120-летию со дня рождения выдающегося мастера казахской словесности. Сделан вывод, что в монографии всесторонне охарактеризована политическая, общественная и литературная деятельность неординарной личности прошлого столетия, отмечено, что исследование восполнит некоторые «белые пятна» в изучении жизни и деятельности любимого народного поэта.

M.I.Abduov

Scientific research about Magzhan

Monographic study assesses academic RS Karenova on the life and creative activity of the genius of the twentieth century Kazakh poet Magzhan Zhumabayev. Timeliness of the celebrated publication devoted to the 120th anniversary of the birth of the outstanding master of Kazakh literature. It is concluded that the monograph fully characterize the political, social and literary activities extraordinary personality of the last century. It is emphasized that the implementation of the study makes some «white spots» in the study of the life and work of the national poet lover.